

Мақала туралы мәлімет / Содержание

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых «МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE»

Жинақ	IV, Атырау, 8/04/2026, 2026 ж.
ISBN	978-601-262-638-4
Секция	СЕКЦИЯ IV. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ Секция IV.II. Цифрлық технологиялар жағдайындағы құқықтық жүйені дамыту және құқық қолдану тәжірибесі / Развитие правовой системы и практика правоприменения в условиях цифровых технологий
Жинақтағы рет нөмірі	№ 093
Мазмұндағы беті	470
Жарияланған беттері	470-473
Автор(лар)	Самат Әсем Дулатқызы
Мақала атауы	ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЛЫҚТЫҚ ЖҮКТЕМЕСІ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПӘРМЕНДІЛІК ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢДІК ҮЙЛЕСІМІ
Мазмұндағы жазылуы	Самат Ә.Д., Сарсенова А.Б. ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЛЫҚТЫҚ ЖҮКТЕМЕСІ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПӘРМЕНДІЛІК ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢДІК ҮЙЛЕСІМІ

Ескерту: бет нөмірлері жинақтың соңындағы «МАЗМҰНЫ» бөліміндегі жарияланған беттерге сәйкес берілді.

“ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЛЫҚТЫҚ ЖҮКТЕМЕСІ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПӘРМЕНДІЛІК ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК ТЕНДІК ҮЙЛЕСІМІ”

Самат Әсем Дулатқызы

samatasem2@gmail.com

“Құқықтану” білім бағдарламасының 4 курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м., сеньор-лектор Сарсенова А.Б.

Қазіргі жаһандану жағдайында мемлекеттердің экономикалық тұрақтылығы мен әлеуметтік дамуы көп жағдайда салық саясатының тиімділігіне байланысты. Қазақстан үшін де салықтық жүктеменің оңтайлы деңгейін анықтау – стратегиялық маңызы бар мәселе. Себебі, салықтар мемлекеттік бюджеттің негізгі кіріс көзі бола отырып, экономикалық процестерді реттеудің маңызды құралы болып табылады.

Салықтық жүктеме бір жағынан кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруы тиіс, ал екінші жағынан қоғамдағы әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етуі қажет. Осы екі мақсаттың үйлесімі аталған зерттеу тақырыбының өзектілігін арттырады.

Фискалдық жүйе кез келген мемлекеттің шаруашылық тұрақтылығы мен әлеуметтік өркендеуінің іргетасын қалайды. Қазақстан Республикасында салық саясаты мемлекеттік қазынаны құрудың басты тетіктерінің бірі бола отырып, экономикалық тиімділік пен қоғамдық әділдік арасындағы тепе-теңдікті ұстап тұруға бағытталған.

Соңғы жылдары еліміздегі салықтық салмақ салыстырмалы түрде тұрақты деңгейде қалып келеді. Мәселен, салықтық аударымдардың ЖІӨ-дегі үлесі 28,6%-ды құрайды. Сонымен қатар, Қазақстанда салық жүйесін жетілдіру мақсатында бірқатар жаңғыртулар жүзеге асырылуда. Олардың түпкі мақсаты – салықтық әкімшілендіруді оңтайландыру, бюджет кірістерін молайту және көлеңкелі экономиканың ауқымын тарылту.

Алайда, бұл өзгерістер ел шаруашылығына әртүрлі әсер етуде. Қазіргі уақытта жұртшылық арасында қызу талқыға түскен мәселелердің бірі – қосылған құн салығының (ҚҚС) мөлшерлемесін 12%-дан 16%-ға дейін өсіру бастамасы. Билік бұл шараны бюджет кірістерін арттыру мақсатында ұсынғанымен, экономистер мен кәсіпкерлер бұл қадамның бұқараның сатып алу қабілетіне және шағын және орта бизнеске кері әсер етуі мүмкін екенін алға тартады. Осы мақалада Қазақстандағы салықтық салмақтың ағымдағы ахуалы, ҚҚС мөлшерлемесін өсірудің ықтимал салдары, сондай-ақ шаруашылық пәрменділігі мен әлеуметтік әділеттілік арасындағы үйлесімділіктің сақталу мәселелері талданады.

1. Қазақстандағы салық жүйесінің қалыптасуы және құқықтық негіздері

Салық – бұл мемлекет бюджетінің кіріс бөлігін қалыптастырудың негізгі құралы, заңды және жеке тұлғалардан белгіленген мөлшерде және мерзімде міндетті түрде өндірілетін төлем. Салық жүйесін құрудың тірегі – Қазақстан Республикасының Конституциясы. Оның 35-бабында «заңмен белгіленген салықтарды, алымдарды және басқа да міндетті төлемдерді төлеу – әркімнің борышы әрі міндеті» деп шегеленген.

Жоспарлы директивалық экономикада мұндай тәжірибе болмағандықтан, Қазақстан Республикасында алғаш рет 1991 жылғы желтоқсанда «Салық жүйесі туралы» заң қабылданды. Бастапқыда республикалық, міндетті жергілікті және жергілікті салықтардан тұратын үш деңгейлі құрылым жасақталып, жалпы 43-тен астам салық түрі қолданыста болды.

Алайда бұл жүйенің күрделілігі, тұрақты құқықтық базаның жоқтығы және төлем қабілетсіздігі дағдарысы оның нәтижесіздігіне әкеп соқты. А.Б. Зейнельғабдиннің зерттеуіне сәйкес, бюджет пен бюджеттен тыс қорларға түскен салық түсімдерінің 52,3%-ы өндірістің өзіндік құны есебінен өндіріліп, бағаның негізсіз өсуіне және нарықтағы бәсекелестіктің шектелуіне тікелей әсер етті.

2. Лаффер қисығы және салықтық жүктеме шегі

Салықтық салмақтың артуы белгілі бір шектен асқаннан кейін кері әсер ете бастайды. Бұл құбылыс экономикалық ілімде А. Лаффердің салық қисығымен түсіндіріледі. Ол өз зерттеулерінде: «Тым жоғары салық мөлшерлемелері өндірісті ынталандырудың орнына, оны тежейді, нәтижесінде жалпы салық түсімдері төмендейді» – деп атап өткен.

Мөлшерлеме шекті деңгейден асқанда, салық төлеушілердің ауыртпалығы артып, бизнес субъектілері өндірісті шектеуге мәжбүр болады. Нәтижесінде салық базасы тарылып, бюджетке түсетін кірістер азаяды. Сонымен қатар, кәсіпкерлер мен азаматтар салықтық міндеттемелерін төмендету амалдарын қарастыра бастайды, бұл көлеңкелі экономиканың өршуіне әкеледі. Егер Қазақстанның салық саясаты салмақты оңтайлы деңгейде ұстап тұрмаса, бұл ел экономикасының дамуына дәл осындай кері әсерін тигізуі мүмкін.

3. ҚҚС мөлшерлемесін көтеру төңірегіндегі пікірталастар

Қазіргі таңда қоғамда Қосылған құн салығының (ҚҚС) пайыздық мөлшерлемесін 12%-дан 16%-ға дейін өсіру ұсынысы қызу талқылануда. Бұл мәселеде тараптардың көзқарастары қақ жарылды:

Бизнес өкілдері мен сарапшылардың пікірі: «Атамекен» ҰКП мәліметінше, кәсіпкерлер салық салмағының артуына қатты алаңдаулы. Сарапшылардың пайымдауынша, ҚҚС мөлшерлемесін айтарлықтай көтеру инфляцияның 4,5%-ға дейін өсуіне, ал ЖІӨ өсімінің жылына 2-3%-ға тежелуіне әкелуі ықтимал. Бұл тұтынушылық бағаларды шарықтатып, сұранысты азайтады.

Мемлекеттік органның көзқарасы: ҚР Үкіметі енгізілетін өзгерістердің бизнес үшін тиімді әрі әділ болатынын мәлімдейді. Мәселен, бақылау-қадағалау шараларынан гөрі салық төлеушілерді қолдау тәсілдерін нығайту, есеп беру мерзімін өткізіп алған кәсіпкерлерге алғашында айыппұл салмай, тек ескерту жасау және кәсіпкерлікті тоқтату рәсімдерін оңайлату сияқты жеңілдіктер ұсынылуда.

4. Мұнайға тәуелділік және әлеуметтік әділеттілік мәселесі

Қазіргі салық жүйесінің құрылымы ірі және шағын кәсіпкерлікке түсетін салмақтың әділетті бөлінуіне қатысты сұрақтарды туындатып отыр. Негізгі салық төлеушілер ретінде тау-кен және мұнай-газ саласындағы алпауыт кәсіпорындар ерекшеленеді. Мәселен, 2022 жылы бұл сектордан түскен салық көлемі шамамен 9,5 трлн теңгені құрады.

Алайда мұндай шикізаттық тәуелділік ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ете алмайды. Сонымен қатар, қоғамда әділдік мәселесі де өткір тұр. Азаматтар: "Егер мемлекет салық мөлшерлемелерін ұлғайтса, неге жалақы, зейнетақы және әлеуметтік төлемдер де сол деңгейде өсірілмейді?" деген сұрақты жиі көтереді. ҚҚС мөлшерлемесінің көтерілуі табысының басым бөлігін азық-түлікке жұмсайтын бұқара үшін қосымша қаржылық жүктеме болып, әлеуметтік теңсіздікті одан әрі тереңдетуі мүмкін.

Қазақстандағы салықтық жүктемені оңтайландыру үшін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше елдердің тәжірибесін зерделеу маңызды. Дамыған елдерде салық жүйесі тек қазынаны толтыру үшін емес, әлеуметтік теңсіздікті реттеу үшін қолданылады.

Прогрессивті салық шкаласы: Мәселен, Франция, Швеция және Германия сияқты елдерде табыс салығы прогрессивті шкала бойынша алынады. Яғни, табысы жоғары азаматтар көбірек салық төлейді, ал табысы төмен бұқараға жеңілдіктер беріледі. Бұл әлеуметтік әділеттіліктің жарқын үлгісі. Қазақстандағы жалпақ (тұрақты) 10% табыс салығы байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықты азайтуға қауқарсыз.

Сараланған ҚҚС мөлшерлемесі: Көптеген Еуропа елдерінде ҚҚС мөлшерлемесі тауардың түріне байланысты сараланады. Азық-түлік, дәрі-дәрмек және кітаптар сияқты әлеуметтік маңызы бар тауарларға төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі (3-5%) қолданылады. Ал люкс тауарларға жоғары мөлшерлеме бекітілген. Қазақстанға ҚҚС-ты жалпылама 16%-ға көтергенше, осындай сараланған жүйені енгізу тиімдірек болар еді.

Жүргізілген зерттеулер мен деректерді талдау нәтижесінде Қазақстандағы салық жүйесінің қазіргі ахуалы мен оны жетілдіру бағыттары бойынша мынадай тұжырымдар жасалды:

- Қазақстанның мемлекеттік бюджеті шикізаттық емес сектордан гөрі мұнай-газ алпауыттарының түсімдеріне тым тәуелді. Бұл шаруашылық қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді.

- ҚҚС мөлшерлемесін механикалық түрде 16%-ға дейін көтеру тұтыну нарығын тарылтып, халықтың әлеуметтік жағдайын қиындатуы мүмкін.

- Салықтық әкімшілендіруді жеңілдету және цифрландыру шағын бизнесті заңды айналымға шығарудың басты кепілі.

Осы тұжырымдарға сүйене отырып, Қазақстанның салық жүйесін жетілдірудің мынадай басым бағыттарын ұсынуға болады:

Экономиканы әртараптандыру: Салық түсімдерінің негізгі бөлігін шикізаттық сектор емес, өндеу өнеркәсібі, IT және ауыл шаруашылығы сияқты салалар қамтамасыз етуі тиіс. Бұл секторларға ұзақ мерзімді салықтық демалыстар беру қажет.

Салық ауыртпалығының әділ бөлінуі: Төмен табысты азаматтар үшін жеңілдіктер қарастыратын прогрессивті салық шкаласын енгізу қажет. Байлық салығын (luxury tax) енгізу арқылы әлеуметтік балансты сақтауға болады.

Кәсіпкерлікті қолдау: Шағын бизнес үшін бірыңғай жеңілдетілген салық режимдерін енгізу, стартаптарға салықтық жеңілдіктер беру маңызды. Салықтық есептілікті жеңілдету кәсіпкерлердің уақытын үнемдейді.

Әлеуметтік факторларды ескеру: Салықтық өзгерістердің халықтың сатып алу қабілетіне әсерін алдын ала бағалау және әлеуметтік төлемдерді инфляция деңгейімен синхрондау қажет.

Салық жүйесін цифрландыру: Блокчейн және жасанды интеллект технологияларын енгізу арқылы салықтан жалтару фактілерін автоматты түрде анықтауға болады. Бұл салықтық тексерулердің санын азайтып, ашықтықты қамтамасыз етеді.

Еуропалық озық мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, фискалдық бақылаудың тиімділігін қамтамасыз етудің басты алғышарты – салық төлеуші субъектілерді тәуекелдер деңгейіне қарай жіктеудің (сегменттеудің) пәрменді әдіснамалық аппаратының болуы. Аталған тәсілді қолдану фискалдық органдар қызметкерлерінің функционалдық жүктемесінің жоғары болуы жағдайында да бақылау іс-шараларының нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, бюджетке қосымша қаржылық түсімдерді есептеу тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар салық төлеушілердің құқыққа қайшы әрекеттерінің алдын алу (превентивті әсер ету) функциясы тұрғысынан да жоғары тиімділікті көрсетеді.

Салық жүйесі мен фискалдық органдардың эволюциялық даму үрдісі объективті факторлар жиынтығымен айқындалады. Жүргізілген эмпирикалық талдаулар мемлекеттік бюджеттің салықтық кірістерінің көлемі мен құрылымының қазіргі динамикасына тікелей тәуелділікті айғақтайды. Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының салық жүйесіне тән іргелі деструктивті аспектілер ретінде мыналарды атап көрсетуге болады:

-Ұлттық экономиканың шикізат секторына экзогендік тәуелділігі;

-Еңбек ресурстарының құнына тікелей салмақ салатын салықтық жүктеменің шоғырлануы;

-Экономикалық қатынастардың көлеңкелі сегментінің ауқымдылығы.

Бұл факторлар мемлекеттің фискалдық әлеуетінің төмендеуіне және салықтық түсімдердің айтарлықтай қысқаруына әкеп соқтырады. Осы проблемалық бағыттарды нивелирлеу (жою) үшін шикізаттық емес сектордан түсетін кірістердің үлесін арттыру, сондай-ақ фискалдық міндеттемелерден қасақана жалтару және салықтық алаяқтық көріністерімен күрес аясында салықтық әкімшілендіру тетіктерін заңнамалық тұрғыдан қатаңдату талап етіледі.

Заңгерлік және құқықтық пайымдауларға сүйенсек, салық тек қазынаны толтыру құралы ғана емес, ол әлеуметтік әділеттілік пен экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін басты тетік болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстанның мемлекеттік бюджетінің мұнай секторына шектен тыс арқа сүйеуі — стратегиялық тәуекел. Мұнай сарқылатын ресурс болғандықтан, бюджет түсімдерінің басқа көздерін, әсіресе шағын және орта бизнесті өркендету өмірлік маңызды қадам.

Шағын және орта кәсіпкерлікке қолайлы салықтық жағдай жасау — экономикалық өсімнің драйверіне айналуы тиіс. Сонымен қатар, салық саясаты халықтың нақты әлеуметтік жағдайымен ұштасуы қажет. Халық табысының деңгейін ескермей, ҚҚС секілді жанама салықтарды көтеру көлеңкелі экономиканың өршуіне және халықтың әлеуметтік жағдайының төмендеуіне алып келуі мүмкін.

Түйіндей келе, Қазақстандағы кез келген фискалдық реформа халықтың төлем қабілеттілігін, шағын бизнестің даму әлеуетін және бюджеттің тұрақтылығын теңдей ескеретін кешенді әрі әділ сипатта жүргізілуі тиіс. Мемлекет пен салық төлеуші арасындағы сенімді нығайту ғана тұрақты экономикалық өрлеуге жол ашады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Салық кодексі. – [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік: <https://adilet.zan.kz>
2. Ranking.kz. Қазақстандағы салықтық жүктеме туралы талдау. – [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік: <https://ranking.kz>
3. «Повышение ставки НДС в Казахстане: мнения экспертов» <https://www.zakon.kz/amp/finansy/6468680-povyshenie-stavki-nds-v-kazakhstane-mneniya-ekspertov.html>
4. OECD (2023). Tax Policy Reforms in Kazakhstan: Economic Impact and Prospects. – [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік: [https://www.oecd.org/Innovative Approaches in Agricultural Sustainability and Environmental Impact Management](https://www.oecd.org/Innovative-Approaches-in-Agricultural-Sustainability-and-Environmental-Impact-Management)”
5. Досқалиев Е. Қазақстандағы салық реформалары және олардың экономикалық әсері // «Қаржы-қаражат» ғылыми журналы. – 2023. – №2. – 45-58 б.
6. ҚР Қаржы министрлігі. 2022 жылғы бюджеттік есеп және салықтық түсімдер бойынша талдау. – [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік: <https://www.minfin.gov.kz>
7. «Система налогообложения малого предпринимательства» мақала авторы: Е.Г.Демин, Журнал:Вестник КарГУ <https://articlekz.com/article/6028>
8. IMF (2024). Fiscal Policy and Taxation in Emerging Economies: The Case of Kazakhstan. – [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік: <https://www.imf.org>
9. Смағұлов А. Қазақстанда салықтық ауыртпалықты оңтайландыру жолдары // «Экономика және құқық» журналы. – 2024. – №3. – 112-126 б.
10. ҚР Ұлттық статистика бюросы. Қазақстандағы салықтық түсімдер және ЖІӨ арақатынасы бойынша деректер. – [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік: <https://stat.gov.kz>